

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**Астана
2018**

Пікір жазғандар:

А. Ш. Сатыбаева, п.ғ.к.;
Г. Ж. Курмангожина, меңгеруші;
А. К. Оразбаева, әдіскер.

Ерте жастағы балаларды дамыту және әлеуметтендіру мәселелері бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2018. – 15 бет.

Әдістемелік ұсынымдарда ерте жастағы балаларға күтім жасау және жағымды әлеуметтендіруді қалыптастыру бойынша материал берілген.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қауымға, ата-аналарға, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша ЖОО мен колледждердің студенттеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2018 ж. 2 қарашадағы № 7 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Ерте балалық шақ – баланың жалпы дамуының іргетасы, оның адам болып қалыптасуының бастапқы кезеңі. Ерте балалық шақ туралы ғылыми білімнің бүгінгі даму кезеңінде баланың жеке тұлғасының қалыптасуының іргетасы өмірінің алғашқы жылдары оның өзін-өзі бағалау идеясы екенін дәлелдейді.

Адамзат тарихындағы өзекті мәселелердің бірі баланы әлеуметтік әлемге баулу, қолжетімді әлеуметтік ортаға сәйкес бағыттай білуді қалыптастыру, өзінің және басқа адамдардың тұлғасын өздігінен бағалауын түсінуі, қоғамның мәдени дәстүрлеріне сәйкес әлемге өзінің сезімі мен қарым-қатынасын білдіру болып табылады.

Мұнда отбасы маңызды рөл атқарады. Отбасында баланың тілдесу дағдылары, өзара қарым-қатынас нормалары қаланып, жеке тұлғасы қалыптасады. Отбасындағы осы кезеңде қаланған адамдарға, әлемге, өзіне деген эмоционалдық қарым-қатынас көп жылдар бойы іске асырылады.

Мақсаты: ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.

Міндеттер:

- ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау, ерте жастағы балаларға күтім жасау мен дамыту бойынша ата-аналардың құзыреттілік деңгейлерін арттыру;

- балаларды табысты әлеуметтендірудің жағдайы ретінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;

- қоғамда өзін дұрыс тәртіпті ұстауды қалыптастыру.

Ерте жастың соңында келесі негізгі әлеуметтік дағдылар мен біліктерді мақсатты түрде қалыптастыту:

- баланың балалар қоғамына енуі;
- баланың басқалармен бірге әрекет ете білуі;
- қоғамдық нормаларды сақтай білу;
- баланың өзінің қалауын бақылай білу және т.б.

Аталған дағдылар ерте жастағы балаларда алдымен ересектермен кейіннен құрбыларымен қарым-қатынас жасау, сондай-ақ ойын әрекетінде, соңында бала өзін отбасы ұжымының тең құқылы мүшесі ретінде сезіне бастағанда өзіне-өзі қызмет көрсету барысында қалыптасады.

Күтілетін нәтиже – ерте жастағы балаларды оң әлеуметтендіруге байланысты ата-аналардың құзыреттілік деңгейлерін арттыру.

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОТБАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Әлеуметтену - бұл адамның қоғамдағы өмірге қажетті дағдыларды игеру процесі. Ерте жастағы балалардың әлеуметтенуі мынадай құралдар:

- рухани мәдениет элементтері (бесік жырлары, ертегілер);
- игерілген тұрмыстық және гигиеналық дағдылар;
- ата-аналарымен және құрдастарымен қарым-қатынас;
- рөлдік ойындардың қарапайым дағдылары арқылы жүзеге асырылады.

Сәби дүниеге келген сәтте өзіне бейтаныс жаңа әлемге тап болады да бала бойында осыдан күйзеліс пайда болады осы күйзеліс кезеңі баланың алдағы өмірінде табысты қарым-қатынас орнатуы үшін маңызды болып табылады. Осылайша, бала әлемді таниды және *ерте әлеуметтену жүзеге асырылады*. Баланы емізу процесінде ана мен бала арасында тән мен тәннің де бір-бірімен қарым-қатынас жасаудың да тығыз байланысы болады. Емізу кезінде сәбимен қарым-қатынас: ән айту, жылы сөздер айту, жақсы көру сезімі болуы қажет. Бесік жырларының жағымды ықпалы нәрестелік жаста байқалады: баланың тілі ертерек шығады, неғұрлым әлеуметшіл және әлемді тануға бейім болады.

Нәрестелік шақта кейінгі даму сатыларында қалыптасатын бастамашылдық пен еңбек сүйгіштікті қалыптастырудың негізі болып табылатын әлемге деген сенімі пайда болады. Сенімді қарым-қатынастың болмауы көп жағдайда әлеуметтену процесін қиындатады. Егер адам балалық шақта сенім білдіруге дағдыланбаса, оған адамдармен жақын қарым-қатынас орнату қиындық келтіреді.

Баланың заттармен түрлі әрекеттері үшін жағдай жасалуы тиіс. Ересектердің баламен қарым-қатынасы ынтымақтастық сипатта болады. Ересектер сәбидің табыстарын негізгі бағалаушы және жаңа әрекеттерді көрсетуде үлгі болады. Ойында балалар қарапайым сюжеттерді қайталауға талпынады. Баланың дербестік танытуына құрметпен қарап, бастамасын көтермелеу қажет.

Егер ол ыдыс жууға ынта білдірсе, ыдыс жуатын раковинаның алдына орындық қойып, сынбайтын шыны-аяқ беруге, майлықпен, жөкемен жууды көрсетуге болады. Ересектер баланың өзіне-өзі қызмет көрсетуге ұмтылысын көтермелеуі: өз бетінше киінуге, жуынуға, түймелерін салуға, қолғаптарын киюге және т.б. мүмкіндік беруі тиіс.

Егер бала өздігінен жасай алмаса оған жәрдемдесіп, қолдау керек. Баланы эмоционалды түрде қуанышпен мақтап, оған үнемі қиындықтарды еңсеруіне мүмкіндік беру қажет.

Балаға қамқорлық көрсететін ересектер оның тәртібінің белгілі бір шектен шығып кетпеуін қадағалауы, балаларда «өзін дұрыс ұстау» дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау ұсынылады.

Кейде ата-аналардың бала әрекеттерін бақылауы оның мінез-құлқына шектеу қояды, ол баланың дербестігіне мүмкіндік бермейді. Ата-аналардың кез келген нұсқаулары алдын-ала ойластырылып, балалардың қауіпсіз, тәуелсіз және шығармашылық белсенділік сұраныстары ескеріліп беріледі. Ескертуді баланың өзіне емес, оның мінез-құлқы туралы жасауға, оның табыстары айналасындағыларды қуантатынын түсіндіруге («Ойыншықтарды өзің жинастырдың, жарайсың!») болады.

Балада дамып келе жатқан өзі туралы сезімді назарда ұстау, оның үстел басында өзінің орны, ойын үшін бұрышы, кереуеті, ыдыс-аяғы, киімі және т.б. бар екенін түсінуі, бұл өзіндік сана-сезімнің, белгілі бір заттардың иесі ретінде өзі туралы түсініктердің дамуын көрсетеді.

Ерте жастағы баланың әлеуметтенуінде **құрдастарымен қарым-қатынасты дамыту** ерекше орын алады. Балалар бір-біріне қызығушылық таныта бастайды, бақылайды, ойыншықтарымен алмасады. Ерте жастағы балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы эмоционалдық-тәжірибелік өзара әрекет түрінде болады. Жыныс сәйкестігін қалыптастыру үшін баланың жынысына сәйкес мінез-құлқын мадақтап отыру қажет.

Баланың жасай алатындарын, мүмкіндіктерін, жетістіктерін бағалауда оны басқа құрдастарымен салыстыруға болмайды. Сәбидің алға қарай қалай жылжығанын, не істей алатынын, тағы нені үйрене алатынын көрсете отырып, жақсы даму келешегін құрып және дамушы тұлға ретінде өзінің бейнесін қалыптастыра отырып, оның жетістіктерін өзінің бұрынғы кезеңдегі жетістіктерімен салыстыруға болады. Өзінің басқалардан айырмашылығын түсіну, өзге адамның ұқсас құқықтарын құрметтеу- әлеуметтік «Менін» дамытудың маңызды аспектісі.

Бала 2-3 жасқа дейін құрдастарымен қарым-қатынасқа деген қажеттілікті сезінбейді. Осы жастағы балалар үшін ересектер ойында серіктесі және еліктеуге үлгі болады, олардың сұранысын бар ынтасын салып, ынтымақтастықпен орындайды.

Сәби ойынды ересектердің басшылығымен және тікелей қатысуымен меңгереді. Бала балалар алаңында ойнап жатқан құрдастарына қарап, өзі де ойнауды үйренеді. Алайда, ойынды ұйымдастырылмаған түрде меңгеру көбінесе өте баяу жүреді және толық болмайды. Кішкентай баланы (1,5 жастан 3 жасқа дейін) сюжеттік ойынға тарту ересектерден көп күш салуды талап етпейді, бірақ әлеуметтік дағдыларды толыққанды дамытуды қамтамасыз етеді.

Алғашқыда кішкентай балаға нағыз затқа ұқсас ойыншықтармен толық қайталанатын ойын әрекетін игеру өте жеңіл. Алайда, ата-аналардың негізгі міндеті – мағыналы, шартты ойын әрекеттеріне баланы біртіндеп ауыстыру. Шартты ойын әрекетін түсінуді (яғни затпен, алмастырушы затпен немесе қиялдағы затпен әрекет ету) ересектер қамтамасыз етеді, әрекетке тұтас мағыналы мәнмәтін-сюжетті енгізеді, әрекетті түсіндіруші әңгімемен қолдайды: біріншіден, өзі ойыншықтармен ойнайды және ойынға баланы

катыстырады; екіншіден, әңгімелеп түсіндіреді (балада қалыптасқан жекелеген ойын әрекеттерін түсіндіреді).

Сәбімен бірлескен ойын 15-20 минутқа дейін созылуы мүмкін. Содан кейін ересек адам ойыннан балаға білдіртпей шығып, (еш уақытта ойынды кенеттен тоқтатпауы қажет) баланың өзі әрі қарай жалғастыруына мүмкіндік беруі қажет. Мұны баланың назарын басқа ойыншық кейіпкерлерге аударып, жуынбаған немесе тамақтанбаған қуыршақтарды көрсетіп, те жасауға болады. Баланың дербес әрекетіне ересектердің ойын әрекеттерін ойынға ауыстыруы ересектер жасаған заттық-ойын жағдайын біраз уақыт сақтауды талап етеді. Сондықтан, үлгіге сәйкес қуыршақтарға арналған жиһазды және ойыншықтарды орналастыру үшін баланың тұрақты ойын бұрышын ұйымдастыру маңызды. Ересектер балалармен жүйелі түрде ойнауы: олардың түрлі заттармен және ойыншықтармен дербес әрекеттерін ынталандырып отыруы қажет. Қарапайым ойын біліктерін игеру неғұрлым күрделі ойын түрлеріне ауыстыру үшін қажетті алғышарттарды қалыптастырады.

Күндізгі шаршағанды басуға судағы ойындар көмектеседі: ол үшін ваннаға аздап жылы су құйып, одан соң жылы сумен себезгіні қосу ұсыналады. Осыдан кейін күні бойы баланың шаршағандығы, жағымсыз көңіл-күйі бірден басылады. Судағы ойындарға ортақ ереже – олар шусыз, тыныш болуы, онда сабын көпіршіктерін шығаруға немесе екі-үш шыны беріп, су құйғызуға болады. Сылдырлаған судың дыбысы тыныштық орнатуға әсер етеді, 15-20 минуттан соң бала тыныштанады.

Мектепке дейінгі ұйымның жағдайына бейімделу

Мектепке дейінгі ұйымдағы жағдайларға бейімделу кезеңіне ерекше назар аударылуы тиіс. Ата-аналар баланы мектепке дейінгі ұйымға апарғанда балалардың бейімделу кезеңі әртүрлі өтетінін, яғни үйрену кезеңі 2-3 айға созылуы мүмкін екендігін білулері керек. Ата-аналар баланы қолдап, қиындықтарды еңсеруіне көмектесу қажет.

Ата-аналар білуге тиіс кейбір заңдылықтар мыналар:

- балалар бейтаныс адамдардың алдында және жаңа қарым-қатынас жағдайларында қорқады бұл баланың балабақшаға қиындықпен бейімделуіне, жаңа адамдарға және балабақшадағы жағдайларға деген қорқыныш көбінесе баланың ашушаң, өкпешіл, жылауық болуына әкеледі, күйзеліс ағзаның қорғаныш күштерін жұқартады;

- бала анасына қатты бауыр басқандықтан, балабақшаға тез бейімделе алмайды және егер ол көңілшек, сезімтал болса анасының кетуі оның ашуын тудырады;

- үйде баланың өзі-өзіне қызмет көрсету дағдылары қалыптаспаған, ал балабақшаға келгеннен кейін бала кейбір әрекеттерді: киіну, қасықпен тамақ ішу, түбекке сұрану және оған отыру және т.б. өзі орындауы қажет болады, егер балада мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптаса, оның ересектер

тарапынан үнемі қамқорлықты қажетсінуі толық қанағаттандырылмаса, онда бейімделу қиындық тудырады;

- егер балада емізік сору, бөтелкеден су, сүт ішу сияқты зиянды әдеттер сақталса, балабақшаға барғанға дейін мұндай әдеттерден арылу баланың балабақшаға бейімделуін неғұрлым жеңілдетеді.

Бала мектепке дейінгі ұйымға барғанға дейін білуі тиіс:

- орындыққа өздігінен отыру;
- шыны-аяқтан өзі сұйық тамақтақты ішу;
- қасықты пайдалану;
- киіну, жуынуға белсенді қатысу.

Өкінішке орай, кейде ата-аналар баланың бейімделуін қиындататын мынадай қателіктер жасайды, олар:

- сәбиді балабақшада қалғанда немесе үйде балабақшаға барудың қажеттілігін еске салғанда жылағаны үшін жазалауға, ашулануға болмайды, оның жыламауға уәде бергені туралы қатаң түрде ескертудің қажеті жоқ өйткені бұл жастағы балалар әлі сөзінде тұрмайды, сондықтан міндетті түрде келетіңізді ескеткеніңіз жөн;

- балабақшамен қорқытуға болмайды, себебі қорқынышты жер (орын) ешқашан сүйікті, қауіпсіз болмайды;

- жақын арада келемін деп баланы алдауға болмайды, себебі анасының жақын арада келмейтінін білген бала оны күні бойы күтіп, ең жақын адамына деген сенімін жоғалтып алуы мүмкін.

Баланың күйзелісін жеңілдету тәсілдері:

- мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес (ұйқы, ойындар, тамақтану) күн тәртібін үйде сақтау;

- алғашқы күндері сәбиді балабақшада 2 – сағаттан артық қалдыру, кейіннен балабақшада болу уақытын біртіндеп ұлғайту, ал 2-3 апта өткеннен соң сәбидің тілегін ескере отырып, күні бойы қалдыру;

- күн сайын баладан күннің қалай өткенін, қандай әсер алғанын сұрау, міндетті түрде баланың назарын жағымды сәттерге аудару, ата-аналардың қысқаша пікірлерімен үнемі мектепке дейінгі ұйымға деген оң көзқарасты қалыптастыру;

- ұйықтар алдында баламен көбірек болу, балабақша туралы әңгімелесу, кешке қарай балабақшаға өзімен бірге қандай ойыншықтар апаратынын уәделесуі, таңертең қандай киім киетінін бірге шешу;

- демалыс күндері мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібін ұстану, ондағы әрекет түрлерін қайталау;

- егер бала балабақшаға барудан үзілді-кесілді бас тартса, оған бір-екі күн демалыс беру, онда балабақша, онда көп қызықты оқиғалар күтіп тұрғаны туралы әңгімелеу және т.б.

Балабақша қандай ғажайып болса да, онда қандай кәсіби мамандар қызмет көрсетсе де, балаға ата-аналарынан артық ешкім көмек көрсете

алмайды. Егер бала ата-анасы кешке оған кешікпей келетінін білсе, ол балабақшаға рақаттанып, жақсы көңіл күймен баратын болады.

ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТЫ - ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ерте жастағы балаларды әлеуметтендірудің маңызды құралы ойын болып табылады – оның негізінде адамның заттары мен қарым-қатынас әлемін түсіну жатыр. Л.Н.Галигузованың пікірінше ойынның құндылығы, ойлап табылған жағдайға байланысты – балаға шындықты игерудің ерекше әдісін береді, яғни балаларды әлеуметтендірудің маңызды құралы болып табылады.

Жасанды жағдай элементтерімен ойында нәрестелерге тән екі ойын кезеңі болады:

1. Таныстыру (сәбилік);
2. Бейнелі (5-6 айдан 1-1, 6 жылға дейін)
3. Сюжеттік- бейнелік

Бірінші *таныстыру кезеңінде*, заттық-ойын әрекетінде, ойыншықтарымен іс-қимыл манипуляциялық сипатта болады, бала онымен икемсіз қолы мүмкіндік беретіндей әрекет етеді. Содан кейін бала өзі немесе ересек адамның көмегімен ойыншықтың жеке қасиеттерін анықтайды (сылдырмақ сынғырлайды, қозғалады). Осылайша бейнелі заттық-ойын іс-әрекетінің кезеңі басталады.

Балалар әртүрлі заттармен, ойыншықтармен физикалық қасиеттерімен байланысты әрекет ету тәсілдерін меңгереді

Балалар біртіндеп ойында заттардың физикалық қасиеттерін ғана емес, сонымен қатар жеке заттардың әлеуметтік мақсатын да көрсете бастайды.

Ойыншықтармен іс-әрекеттерде және нақты күнделікті өмірде алынған тәжірибені жинақтай отырып, бала қоғамда қабылданған заттардың мақсаты бойынша адамдардың іс-әрекеттерін жиі көрсетуге мүмкіндік алады.

Ол ойында таныс жағдайларды көрсете алады: тамақтандыру, емдеу, үй салу, содан кейін ойын келесі кезеңге өтеді – сюжетті көрініс.

3. *Ойынының сюжеттік-бейнелі кезеңінде екі және үш жастағы балалар сюжеттік-рөлдік ойынға өтуге мүмкіндік алады.*

Балалар ойында тек жеке әрекеттерді ғана емес, сонымен қатар өмірде осы әрекеттерді жасаған тұлғалардың мінез-құлық элементтерін де көрсете бастайды. Әрекетте рөл пайда болады. Сюжеттік-бейнелі және сюжеттік-рөлдік ойында ойын әрекеттері маңызды өзгерістерге ұшырайды.

Олар барынша жинақталып, шартты әрекеттерге айналады. Ойыншықтардың бір бөлігі біртіндеп басқа ойыншықтармен және қиялындағы заттармен ауыстырылады.

Осылайша, бала үш жасқа қарай «бұл сияқты», «бұл әдейі» деп мәлімдей отырып, ойындағы шартты түсінеді. Бала өзін қоян, аю, түлкі болып, ғимаратта "жүзу", "шаңғымен жүру" және т. б. қимылдарды топта көрсете алады.

Үш жастағы балада ойын мақсаттарының екі дереккөзі бар.

Бірінші, баланың қызығушылығын тудырған ересектердің іс-әрекеттері оның назарын аударады және ұқсас әрекеттерге итермелейді.

Мысалы, қыз бала бірнеше күн бойы анасы сияқты жұмыртқа қуырады. Ойын мақсаттарының екінші дереккөзі *ересектер алдына арнайы қоятын мақсаттармен* бала үшін қызмет ете алады.

Бұл дерек сәбидің дамуы үшін өте маңызды, себебі жоғарыда аталғандай, балалардың өз ойын мақсаттары әлі де шектеулі (бала тек қана машинаны айналдырады), ал кейбіреулерінде олар мүлдем жоқ.

Осылайша, екі және үш жастағы балалардың сюжеттік ойыны бір баланың бір ойыншықпен бірлі-жарым іс-қимылынан адамдардың әртүрлі іс-әрекеттері мен олардың қарым-қатынасын көрсететін бірқатар эпизодтарды бейнелейтін жағдаяттардан балалардың ашық жеке және бірлескен ойынына дейін дамудың үлкен жолынан өтеді.

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Әлеуметтену барсысында және нәтижесінде бала мектепке дейінгі жастағы одан әрі өзгерістерге ұшырайтын әлеуметтік қабілеттерді, дағдылар мен сапаларды меңгереді.

Алайда, үш жаста өзін-өзі тану, жеке тұлға, қызмет, бала негіздері қалыптасатын іргелі психологиялық білімнің қалыптасуы үшін ерте жас сезімтал болып табылатынын ескеру қажет.

Ерте жаста баланың әлемге, басқа адамдарға және өзіне деген қарым-қатынасы, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынастың негізгі түрлері қалыптасады.

Ата-аналардың жас ерекшеліктері мен педагогикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, біз дербестікті, коммуникативтік дағдыларды және рөлдік ойынның қарапайым дағдыларын қалыптастыру әдістері мен тәсілдері ұсынылады.

Дербестік жеке тұлғаның алғашқы әлеуметтік сапасы

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте дербестік тұлғаның сапасы ретінде қарастырылады.

Ғалымдар өздігінше әрекет етуге деген қажеттілік туындайтын, ерте жастағы кезеңді (әсіресе 1 жастан 6 айдан кейін) " Мен өзім!" деп атаған.

Дербестікке тәрбиелеу *өзіне-өзі қызмет көрсетумен* тығыз байланысты. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсету арқылы алғаш рет айналасындағы адамдармен қарым-қатынас орнатады, оларға қатысты өз міндеттерін түсінеді.

Негізгі әдістер:

Көрсету әдісі. Өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша еңбек тапсырмаларын қалай орындауға болатынын егжей-тегжейлі көрсету және түсіндіру, балалардың жұмысқа тікелей қатысуын қарастыра отырып, оларды іс-әрекеттің қажетті тәсілін орындауға үйретеді.

Киінуді, жууды үйретуде, бір әдісті, бір іс-қимыл жүйесін өзгертпей сақтай отырып, үйрету өте маңызды.

Бұл нақты дағдыларды жылдам қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Практикалық іс-әрекет әдісі (жаттығулар). Іс-әрекеттерді сапалы орындау үшін, ең алдымен, баланың мұны қалай істеу керектігін жақсы түсіндіру, содан соң оларды осы жұмысқа үнемі жаттықтырса кейіннен балада қажетті дағды, берік икемділік қалыптасады.

Жалпы еске салу әдісі.

Өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша қандай да бір міндетті орындаудың бекітілген дағдылары болған кезде қолданылады.

Бұл ересектерден баланың қызметін, ондағы әрбір өзгерісті мұқият бақылауды талап етеді. Жалпы ескертулерге өту қажеттілігінің белгісі балалардың жуыну, киіну процестеріне қызығушылығының төмендеуі болып табылады.

Ойын әдісі.

Ойыншықтарды пайдалану, олармен ойындарды ұйымдастыру (қуыршақты киіндіру, шешіндіру, ұйықтату, тамақтандыру) баланың өзіндік іс-әрекетіне қызығушылығын арттырады.

Көркем әдебиет. Баланы жуынуға үйретуде және оларға бұл процесті оңай әрі жағымды ету үшін әндерді, өлеңдерді, такпақтарды қолдануға болады.

Баланы өзіне-өзі қызмет көрсету процесінде дербестікке біртіндеп үйретуде алдымен бала үшін белгілі қиындық тудыратын жұмысты ересектермен бірге түсіне отырып жасатуға болады.

Содан кейін ол жеке әрекеттерді орындай бастайды. Соңында, ересектердің бақылауымен жұмысты толық орындайды.

Оқытуда жүйелілік өте маңызды. Осылайша, шешінуге байланысты әрекеттерді балалар киінуге қарағанда тез меңгереді; балаға алдымен қолды, содан кейін бетті жууды үйрену оңай.

Талаптардың біртіндеп күрделенуі, баланы дербестіктің жаңа сатысына ауыстыру оның өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген қызығушылығын қолдайды, дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУ

Алғашқы қарым-қатынасты қалыптастыруға талпыныстар әрдайым табысты емес, себебі балалар олардың әрекетіне қандай реакцияның болатынын әлі білмейді. Олар басқа балалардың тілегіне құлақ асып, олардың мүдделерін ескеруге, сезінуге, жол беруге үйренеді. Ал олардың ата-аналары оған үйретеді.

Достарды оңай табу қабілеті – баланың әлеуметтенуінің, сондай-ақ оның психологиялық денсаулығының бірінші белгісі. Құрдастарымен оңай байланысатын балалар таныс емес жағдайда ешқашан шашыраңқылық пен жалғыздықты сезінбейді.

Ата-аналар балалармен бір затқа айналуының бірізділігін:

- балаға белгілі тартымды жануарлар мен құстар (мысық, торғай);
- балаға қызықты заттар, бірінші кезекте қозғалатын заттар (паровоз, ұшақ);
- сыртқы атрибуттар сипатына тән мамандықтары бар ересектер (дәрігер, аспаз) сақтай отырып, бірге ойнай алады.

Ең бірінші ойындарда ата-ана балаға сипатты ерекшеліктерді көрсетеді: бейненің тән ерекшеліктерін ғана атап, кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттайды (ит, тауық, сиыр, мысық). Содан кейін суретті ашады: (ит үреді, сиыр мөңіреді, мысық мияулайды және т.б.). Одан кейін ересек кейіпкердің қайда тұратынын, үйі қандай екенін, қалай аталатынын (үйшік, қора ...), немен тамақтанатынын айтады. Балаға өзінің үйінің жанында кейіпкер бейнеленген суретті көрсету пайдалы, себебі бұл балалардың әңгімеден алған көріністерін нақтылайды.

Өз тілектерін бақылай білу. Ерте жастағы балалар үлкен зерттеу белсенділігімен ерекшеленеді, бірақ шағын өмірлік тәжірибе оларға өз әрекетінің көбінесе қауіпті салдарын болжауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан тыйым салу баланы өзінен қорғауға тиіс. Есіңізде болсын, ережелер есіңізге сырттан енеді: алдымен сыртқы тыйым салу болған, уақыт өте келе ішкі тыйым салу болады.

Алдымен, өмірінің екінші жылында, шектеуші рөлді баланы қарайтын ана немесе басқа ересек адам орындайды. Бала мүмкін емес нәрсе жасауға ниет білдіре отырып, анасының реакциясына қарайды және жиі қарсы жасайды. Содан кейін бірте-бірте өзіне «болмайды» деп айтуға үйренеді, содан кейін: «Бола ма?» деп сұрайды. Сондықтан алдымен «болмайды», содан кейін «болады» пайда болады.

Тыйым тым көп болса, бұл да жаман. Көп «жоқ» немесе «иә» баланың өзін-өзі ұстауына зиян келтіреді. Жағымды жағдай жасау да маңызды. «Болмайды» сөзін жиі естімеу үшін ол сирек айтылуы қажет. Егер бала үнемі «болмайды» сөзін еститін болса, ол оны қабылдамайтын болады.

Шындығында, тыйым салулар іс-қимыл еркіндігін шектемейді, керісінше жеке басын дамытады. Шектеулер кішкентай зерттеушіні қорғай отырып, оған қойылған шектеудің ішінде тиімді әрекет жасауға мүмкіндік береді. Шектеулер балаға өзіне деген сенімділік сезімін береді.

Тыйымдар мен шектеулерді қалай енгізуге болады

Алғашқы тоғыз айда ешқандай шектеулер енгізбеу керек. Тек тоғыз айдан он бір айға дейін баланың назарын аударып, бірте-бірте оның жоспарын бұзуға және тыйымдарды енгізуге болады.

Бала қандай да бір тыйымдарды бірінші реттен меңгере алмайды. Олардың мағынасы кейде оның түсіну мүмкіндігінен де асып түседі. Ол түсінбейді, сондықтан белсенді қарсылық көрсетеді. Ананың міндеті – күнделікті, кейде сағат сайын ұқсас жағдайлардың қайталануы арқылы тыйым салудың бұзылуы қандай зардаптарға алып келгенін көрсету.

Егер адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп болмаса, балаға істегісі келген нәрсесін жасауға мүмкіндік беріп, не болатынын көру керек. Кішкентай балалар өте белсенді болғандықтан, өз тәжірибесінде бірдеңені байқап көру мүмкіндігі жеткілікті.

Кез келген сөзді жиі қолданғанда өз мағынасын жоғалтатынын есте сақтаған жөн. Сондықтан «жоқ» сөзінің синонимдерін таңдау керек: мысалы, «бұл Инжу үшін емес» (және қауіпсіз баламаның сипаттамасы), «тоқта», «бұлай жасамайды» және т.б.

Мұндағы маңыздысы тыйым сала отырып, ашуланбау керек. Тыйым салу, сондай-ақ жазалауды ақырын, салмақтылықпен ғана жасау керек. Ата-ананың дауысындағы ашулану бала үшін шулы кедергі рөлін атқарады да ол тыйым салудың мәнін қабылдауға кедергі келтіреді

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлеуметтік даму – әлеуметтендіру міндеттерінің бірі ретінде ерте жаста басталады. Дәл осы кезеңде бала айналасындағылармен қарым-қатынас жасаудың қажетті дағдыларын игереді. Бала ересектермен ықпалдастықта қоғамда жалпы қабылданған нормаларды игеруге бағытталған мәдени тәжірибені игереді.

Балалар-ата-аналар қарым-қатынасы адам қоғамында ғана болуы мүмкін ең тығыз және жақын қатынастар болып табылады. Бала отбасында дами отырып, ересек отбасы мүшелерінің мінез-құлқы үлгілерін қайталайды. Ерте жас кезеңінде ата-аналардың қарым-қатынасы бала үшін ерекше мәнге ие болады. Ата-аналардан немесе жақын ересектерден көңіл бөлу мен жылудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ толық емес қарым-қатынас жағымсыз жағдайларға әкеледі. Кейіннен ересектердің назары мен мейірімділігіне олардың қанағаттанарлықсыз қажеттілігін қалпына келтіру қиын болады.

Құрдастарымен қарым-қатынастан бұрын ата-аналармен қарым-қатынас жасау жүреді. Ата-аналар бұл дағдыларды эмоционалдық деңгейді қалыптастыра отырып, үйретеді. Заттық-дамытушы ортасы балалардың әлеуметтік дамуының маңызды шарты болып табылады: ойын барысында балалар құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларын меңгереді, қоғамдағы жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын игереді.

Ерте жастағы балаларды әлеуметтендірудің негізгі жолдары өзіне-өзі қызмет көрсету, қарым-қатынас орнату және қолдау, қоғамдық нормаларға сүйену және жол беру, өз ниеттерін бақылау арқылы дербестікті дамыту болып табылады.

Баланың табысты болашағы үшін өзінің жауапкершілігін сезініп, педагогикалық білім мен тәсілдермен қаруланып, ата-аналар ерте даму кезеңінен бастап, балалардың әлеуметтік құзыреттілігіне оң әсер етуі мүмкін. Мектепке дейінгі ұйыммен ынтымақтастықта өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру кезінде түрлі құралдар мен әдістерді пайдалану ата-аналарға ерте жастағы балаларды әлеуметтендіруде табысты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения РК, ППРК от 23 августа 2012 года №1080
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения, приказ МОН РК от 12 августа 2016 года №499.
3. Послание Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана от 10 января 2018 года «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции».
4. Тутушкина М.К. Практическая психология для педагогов и родителей. М.: Академия, 2000. — 273 с
5. Эльконин Д.Б. Детская психология. Развитие ребенка от рождения до 7 лет. М.: Учпедгиз, 2006.
6. Лисина М.И. Формирование личности ребенка в общении. Изд. Питер, 2009.
7. Буре Р.Н. Социальное развитие ребенка / Под ред. О.Л. Зверевой. – М.: Просвещение, 2009. – 226 с.
8. Галигузова Л.Н., Смирнова Е.О. Ступени общения: от года до семи лет. М.: Просвещение, 1992. — 143 с.
9. Воспитание малыша в семье от рождения до трех лет: Советы психолога, Смирнова Е.О., Авдеева Н.Н., Галигузова Л.Н., Мещерякова С.Ю., Ермолова Т.В., Дробинская А.О., М.: АРКТИ М.: АРКТИ, 2004. — 160 с..
10. Развитие личности ребенка от года до трех, Моница Г.Б., Аверин В.А., Лютова-Робертс Е.К., Смирнова Е.О., М.: Генезис 2014
11. Обухова Л.Ф. Детская психология: теории, факты, проблемы. М.:Тривола, 2006.
12. Ребенок учится общаться. От рождения до 5 лет, Филиппова Ю.В., 2005
13. Детская психология: От рождения до школы. 4-е изд., Волков Б.С. Волкова Н.В., СПб.: Питер 1-е издание, 2009 год, 240 с.
14. Детская практическая психология: Учебник /под ред. проф. Т.Д. Марцинковской. - М.: Гардарики, 2000. - 255 с.20.
15. Боулби Дж. Привязанность. М., Гардарики, 2003
16. Зауш-Годрон Ш. Социальное развитие ребенка. СПб., 2004.
17. Мухамедрахимов Р.Ж. Мать и младенец: психологическое взаимодействие. 2-е издание, исправленное. СПб. : СПбГУ. 2003 г.
18. Фомина Л. К. Понятие и типы детско-родительских отношений // Молодой ученый. — 2014. — №2. — С. 704-707.
19. Петрова, Н.Ю., Соколова, И.К. Особенности развития эмоций в раннем возрасте//Электронный журнал "РОНО".
20. Айсина Р. Социализация и адаптация детей раннего возраста / Р. Айсина, В. Дедкова, Е. Хачатурова Е // Ребенок в детском саду. – 2011. – №6. – С. 46–51.
21. Интернет- сайты: nra-russia.ru – Национально-родительская ассоциация, maminclub.kz – Мамин клуб, godnaya-tropinka, 7ya.ru/baby
22. Крайг, Г. Психология развития Текст] / Г Крайг. – СПб.: Питер, 2002. – 992 с.

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Ерте жастағы балаларды отбасында әлеуметтендіру	4
3	Әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудың шарты - ойын әрекетін ұйымдастыру	8
	Ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру әдістері мен тәсілдері	9
	Коммуникативтік дағдыларды ерте жастан дамыту	11
4	Қорытынды	12
5	Пайдаланылған әдебиеттер	14